# Орманды дала және дала зоналары

**Мақсаты:** а) Қазақстанның орманды дала және дала зоналары тақырыбы
бойынша оқушыларға осы екі зонаның жер бедері мен климаты табиғат зоналарының қалыптасуына қалай әсер ететінін түсіндіру. Табиғат компоненттерінің өзара байланысы табиғат зоналарының дамуына қалай ықпал ететіні жөнінде мағлұмат беру;
б) Оқушылардың жаңа технологиямен жұмыс жасау дағдыларын одан әрі қалыптастыру, өз бетінше жұмыс жасай білуге дағдыландыру; в) Орманды дала және дала зоналарының табиғатын ұқыптылықпен сақтап, тиімді пайдалану жолындағы көзқарастарын қалыптастыру;

- **Сабақтың түрі:**
  Жаңа білімді меңгеру
  **Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, салыстыру, жинақтау, анықтау
- **Көрнекілігі:** зоналар бойынша өсімдік және жануарлар суреттер, кеппе шөптер.
- **Пәнаралық байланыс:** биология, өлкетану, жаратылыстану, қазақ тілі
- **Күтілетін нәтиже**: Оқушылардың орманды дала және дала зоналарының айыра алуы, картадан табиғат зоналарының шекарасын нақты анықтай білуі
- **Не арқылы:** салыстыру, карта бойынша анықтау, сәйкестендіру, жинақтау

**Сабақтың барысы:**

**І. Ұйымдастыру кезеңі**

1. сәлемдесу,
2. түгендеу,
3. оқушы назарын сабаққа аудару.

**ІІ Үй тапсырмасын еске түсіру**

1. (тестік тапсырма) **1а, 2с, 3в,4е, 5с, 6а, 7д, 8в**

**ІІІ.Жаңа сабақ**

1. **“Кім тапқыр”** ойыны бойынша

**Т А Б И Ғ А Т З О Н А С Ы**

25 1 3 12 6 1 25 11 20 18 1 24 37

2. Мағынаны тану

І-топ “Орманды дала”

ІІ- топ “Дала ”

-Зерттеу жұмыстары бойынша

-Әр топ өздеріне 5 сұрақтан қояды

**Тест-сұрақтары**

1 Географиялық қабық-бұл: А) Жер қабықтары атмосфера,гидросфера,биосфера және литосфераның өзара тығыз байланысы
В) Атмосфераның жоғарғы қабаты С) Табиғат зоналары бойынша ауысу заңдылықтары
Д) Мұхит пен құрлық арасындағы зоналық заңдылығы
Е) атмосфераның төменгі қабаты, литосфера, стратосфера, гидросфераның байланысы

2 Таулардағы топырақ, өсімдік, жануарлар дүниесінің биіктік бойынша өзгеруі
А)ендік зоналылық В) ланшафтық зоналылық
С)биіктік белдеулік Д) зоналық
Е)табиғат кешендері

3Тау жыныстары, ауа, су, топырақ,өсімдіктер мен жануарлар-бұлар: А)табиғат кешендері
В) табиғат компоненттері С)табиғат зоналары Д) табиғат белдеулері
Е)табиғат нысандары

4 Жер шарындағы ең ірі табиғат кешені А)жыра
В)таулар С) материктер мен мұхиттар Д) көлдер, теңіздер
Е)географиялық қабық

5 «Географиялық қабық»терминін енгізген кім А) В.Докучаев
В) А.Гумбольт С) А.Григориев
Д) В.Вернадский Е)А.Вегенер

6 Адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде қалыптасқан табиғат кешендері
А) антропогендік В) табиғи С) бау-бақша
Д) жасанды су қоймасы Е) материктер

7 1970ж Қазақстан аумағын 8 табиғи ауданға бөлген кім? А) С.Берг
В) Э.Зюсс С) А.Вегенер
Д) Б.А. Федорович Е)А.Гумбольт

8 Географиялық қабықты құрайтын бөліктер саны: А) 2
В) 4 С) 6
Д) 5 Е) 14

# II. Жаңа сабақты меңгерту.

| қ/с | Табиғат зоналары | Климаттық жағдайлар | Топырақ түрлері | Өсімдіктері | Жануарлары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Орманды дала** (Қазақстан территориясының 0,4%-ын алып жатыр) Жалпы жер көлемі 1 млн га. Қазақстанның солтүстігінде орналасқан. Батыс Сібір жазығы мен Жалпы Сырт қыратының азғана бөлігін қамтиды. | Жазғы шілде $+18^0$-$+20^0$ қаңтардың орташа температурасы $-17^0$-$19^0$ кейде $-51^0$-$53^0$. Жауын- шашын 300-350 мм мөлшерінде | Орманның сұр топырағы, қара топырақ (қалыңдығы 75 см). Солтүстікте 9% шірінді, оңтүстікте 6% шірінді. | Бетеге, боз, бидайық, арпабас, қайың, қоңырбас, құлпынай, қарағай, қияқ, ебелек, жоңышқа, қояншөптер. 10 млн га ауданды алып жатқан ормандарында қайың, емен, жөке, қандыағаш, көктерек және қарағайлар бар. Дуброва, Мамлют қорықшасындағы ормандар қорғауға алынған. | Саршұнақ, сұртышқандар, егеуқұйрық, қосаяқтар, тышқандар, түлкі, елік, қасқыр, сусар, бұлан, тоқылдақ, көкек, күйкентай, қараторғай. Ормандарында тиін, құр, сұңқар. Көлдерінде тырна, үйрек, қаз, шағала, ондатр. |
| 2 | **Дала**<br><br>(республиканың жер көлемінің 29%-ын алып жатыр). Жалпы жер көлемі 77 млн. га. Зонаға Батыс Сібір жазығының оңтүстік шеті, Торғай үстіртінің солтүстігі, Мұғалжар тауы түгелдей дерлік, Жалпы Сырт сілемдері, Каспий маңы ойпатының солтүстік жартысы, Орал етегі, Жем үстірті, Сарыарқаның солтүстігі мен орталық аудандары жатады. | Климаты континентті. Шілдеде $+18^0$+$23^0$ кейде $+20^0$+$24^0$, қаңтарда - $16^0$-тан $-18^0$-қа Жауын-шашын – 300мм. (220-310мм) | Қара және қызыл қоңыр; қою қызғылт кейде сортаң топырақты жерлер кездеседі. Топырағында 6 шірінді бар. Бұл зонаның басқалардан ерекшелігі, 28 млн га жер 1954-59ж. Тың және тыңайған жерлерді игеру мақсатында жыртылған. | Боз, бетеге, атқонақ, еркекшөп, жайшөп, жусан; Емдік қасиетті итмұрын, мендуана, жанаргүл, бидайық, қияқ, құрақ, шайшөп, дәрілік валериандар. Наурызым және Қорғалжын қорығы бар. | Саршұнақ, қосаяқ, алақоржын, қасқыр, борсық, суыр, қарсақ, ақбөкен. Безгелдек, тырна, бозторғай, бүркіт, батпақ құстары, қаз, шағала, үйрек, аққұтан, қызыл үйрек, сары ала қаз, аққу, торғай. 16 кг салмақ беретін дуадақ құсы бар. |



# Өзендері мен көлдері:



**1.1а, 2с, 3в,4е,**
**5с, 6а, 7д, 8в**




*Қазақстан аумағында жауын-шашынның таралуы*



Қазақстанның топырақ картасы


Орманды дала
Дала







Олень



Кабан



Лось



Косуля



Лисица



Корсак



Енотовидная собака



Сурок



Заяц



Куропатка



Ондатра



Утка



Тетерев



Гусь




RFE/RL












Углозуб сибирский


Европейская норка


Стрепет


Турпан


Степной орел


Краснозобая казарка


Орлан-белохвост


Могильник


Журавль-красавка


Савка


Белоглазая чернеть


Гусь-пискулька


Лебедь кликун


Кудрявый пеликан


Лесная куница


Филин


Балобан


Серый журавль


Беркут


Кречетка


Черноголовый хохотун


Сокол сапсан













# Дала зонасының қызғалдағы









Түлкішектер



Теңіз көліндегі қоқиқаздар



Наурызым қорығы





# 3.Ой толғау .Салыстырма түрде.

| ***жоспар*** | ***Орманды дала*** | ***ұқсастықтары*** | ***дала*** |
|---|---|---|---|
| ГО | | | |
| Жер бедері | | | |
| Климат | | | |
| Ішкі суы | | | |
| топырағы | | | |
| өсімдігі | | | |
| Жануарлар дүниесі | | | |
| Проблемалар мен табиғатты қорғау ісі | | | |

2. Синквейн әдісі. Дәптермен жұмыс
Ауызша

- Зат есім: Не?
- Сын есім:Қандай?
- Етістік:Не істейді?
- Сөз тіркесі:
- Синоним:

## III. Бекіту тапсырмалары:

•Сан және әріптерді пайдаланып, әр табиғат зонасына тән белгілерін көрсету.

| Зоналардың белгілері | Зоналар |
|---|---|
| 1. Батыстан шығысқа қарай 2200 км-ге созылған кең алқапты қамтиды, шамаман $54^{0}$-$55^{0}$ с.е. аралығында орналасқан. | А – орманды дала зонасы<br>Ә - дала зонасы |
| 2. Қазақстан жеріне тек оңтүстік шеті сүйірленіп кіреді.<br>3. Батыс Сібір жазығы мен Жалпы Сырт қыратының азғана бөлігін алып жатыр.<br>4. Топырағы қара және қызыл қоңыр типіне жатады.<br>5. Бұл зонада Дуброва, Мамлют қорықшалары орналасқан.<br>6. Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарында зонаның 28 млн га жері жыртылған.<br>7. Шөптесін өсімдіктерден боз, бетеге, атқонақ, еркекшөп, қаңбақ өседі.<br>8. Зонада қара топырақтың қалыңдығы 75см | А –<br>Ә - |

1ə ,2a ,3a ,4ə ,5a ,6ə ,7ə , 8a ,

дала топырағы:
А) Құмлы-сазды топырақ
В) Қара топырақ
С) Құм топырақ
Д) Күлгін топырақ
Е) Ферралит топырақ

3. Қазақстанның дала зонасының көлемі. (%)

А) 26%  В) 28%  С) 23%  Д) 25%  Е) 29%

4. Орманды дала зонасында
Қазақстнның ... бөлігі орналасқан.
А) Батыс шекарасында
В) Солтүстік-батыс
С) Оңтүстік
Д) Солтүстік
Е) Оңтүстік-шығы

5. Қызыл қоңыр топырақ аймағы:
А) Таулы аймақ
В) Дала
С) Шөл
Д) Орман
Е) Орманды дала
6. Орманды дала зонасының өзендері
А) Жайық, Сарысу
В) Торғай, Шу
С) Есіл, Тобыл
Д) Сағыз, Нұра
Е) Ертіс, Қаратал
7. Дала зонасында өсетін дәрілік шөптер

1а, 2в, 3е, 4д, 5в, 6с, 7с, 8с

**IY. Үй тапсырмасы:**

§ 30- §31 Орманды дала және дала зоналары

Кескін картаға орманды дала және дала зоналарын түсіру.

Орманды дала және дала зоналарындағы Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің тізімін жасау.

**Орманды дала және дала зонасының өсімдіктерімен жануарларын жазыңыз:**



Ал енді біз бұл зонаның болашағын қалай елестете аламыз? Бүгінгі таңда бұл табиғат зонасында кішкентай Қорғалжын қорығы болса, болашақта XXI ғасырға аяқ басқан кезде 2030 жылдары дала зонасында ең үлкен қорық болып, онда емдік қасиеті бар өсімдіктер көп өсіп, таза экологиялық аймаққа айналады. Түркі тілдес халықтар, соның ішінде қазақ халқына қасиетті жылқы малы табын-табын өсіріліп, адамдар түгел қымызбен емделеді. Қымыз адамға әрі қуат, әрі шабыт беріп, адам жаны сая табатын жер осы жер болады.

Қазақстанның дала зонасын ғалым Қаныш Сәтбаев жаяу аралап, түсті металл кендерін ашып, республиканың өндірісін дамытып. экономикасын көтеруге үлес қосқан жер осы. Қазақстан үш жүздің басы қосылып біріккен жер осы. Ал енді 1950-54 жылдарға тоқталатын болсақ, осы зонада тың және тыңайған жерлерді игеру басталды. Миллиондаған гектар жер жыртылып, егіншілік қарқынды дамыды. Бірақ мұның кері әсері де болды, көптеген құнарлы жерлердің топырақтары бүлініп, эрозияға ұшырады.